



## **Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларының ауысуы және оқушы қатарына қайта тағайындалуы туралы қағиданы бекіту**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 мамыр N 1143 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 (V053426) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңына сәйкес бұйырамын:

1. "Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларының ауысуы және оқушы қатарына қайта тағайындалуы туралы қағида" бекітілсін (қоса б е р і л і п о т ы р ) .
2. Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ.А. Лекер) белгілі ретпен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден ө т к і з у г е ұ с ы н с ы н .
3. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) осы бұйрықты бастауыш және орта кәсіптік білім ұйымдарының оқу орындарына м ә л і м д е п ж е т к і з с і н .
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау вице-Министр Ә.С.Ахметовке жүктелсін.

*Министрдің міндетін*

*атқарушы*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң  
2 0 0 0 ж ыл ғы 2 5 с ә у і р д е г і

N 391 бұйрығымен бекітілген

**Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларының ауысуы және оқушы қатарына қайта тағайындалуы туралы қағида**

### **1. Жалпы ереже**

1. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларының ауысуы, оқушы қатарына қайта тағайындалуы жөніндегі осы ереже Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының орындалуы мақсатында әзірленген және оқушылардың оқу орындарының бірінен екіншісіне, бір мамандықтан басқа мамандыққа немесе оқудың бір түрінен екінші түріне, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысу ретін анықтайды.

2. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының бірінен екіншісіне ауысу, сонымен қатар орта кәсіптік оқу орындарынан оқудан шыққан оқушыларды оқуға қайта тағайындау жаздық және қыстық демалыс уақыттарында жүргізіледі.

3. Оқу орнының бірінші курсына ауысу және оқушы қатарына қайта қабылдау бірінші семестр аяқталған соң ұқсас мамандығы бойынша қабылдаудан қалған б о с о р ы н ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

3-1. Бұрын басқа оқу орындарында оқығандарды ауыстыру және оқуын қ а л п ы н а к е л т і р у :

курстар мен мамандықтар бойынша оқытудың тиісті оқу топтары болған ж а ғ д а й д а ;

қабылдаушы оқу орны оқу жұмыс жоспарының оқу пәндері тізбесімен оқушының академиялық анықтамасында немесе сынақ кітапшасында (үлгерім кітапшасында) көрсетілген оқу пәндерінің тізбесіндегі айырмашылық төрт пәннен кем болмаса жіберіледі.

*Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

## **2. Оқушылардың ауысуы**

4. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының бірінен екіншісіне, бір мамандықтан басқа мамандыққа немесе оқудың бір түрінен екінші түріне, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына оқушылардың ауысуы қос оқу орындарының басшыларының келісімі бойынша шешіледі. Бір мамандықтан екіншісіне немесе оқу орнындағы оқудың бір түрінен екінші түріне ауысу да басшының шешімі бойынша орындалады.

Егер оқушы өндіріспен, ұйыммен, мекемемен жеке-дара келісім шарт жасаса, онда оқу орнының бір мамандығынан екіншісіне ауысуы немесе басқа оқу орнына ауысуы келісім шарттың өзгеруінен немесе бұзылуынан бұрын алдын-ала жүргізілуі керек.

5. Басқа кәсіптік бастауыш немесе орта білім беретін оқу орнына ауысқысы келген оқушылар өзі білім алып жатқан ұйым басшысының атына ауысуы туралы өтініш береді және мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғаннан кейін, өзі ауысқысы келген білім беру ұйымының басшысына барады.

Қабылдайтын білім беру ұйымы басшысының атына жазылған өтінішке қоса, оқушының білім беру ұйымының басшысының қолымен расталған сынақ кітапшасының (үлгерім кітапша) көшірмесі қоса беріледі.

Ауысу туралы мәселе оң шешімін тапқан жағдайда оқушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы оны оқу сабақтарына жіберу және оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру туралы бұйрық шығарады және оқушының бұрын оқыған білім беру ұйымына оның жеке ісін жіберу туралы ж а з б а ш а с ұ р а у с а л а д ы .

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

6. Оқушының бұрынғы оқыған оқу орнының басшысы сұранысты алғаннан кейін "Басқа оқу орнына ауысуына байланысты оқудан шығарылды" деген мәліметпен бұйрық шығарады және оқушының академиялық анықтама қағазының, сынақ кітапшасының көшірмелерін оқу орнында қалдырғаннан кейін, жіберілетін құжаттардың тізімдемесімен мекен-жайы көрсетілген, оқушыны оқуға қабылдаған оқу орнына құжаттарды үш күннің ішінде жібереді.

7. Оқушының бастапқы оқыған оқу орнынан құжаттары келгеннен кейін ғана, бастауыш және орта кәсіптік оқу орнының оқушы қатарына қабылданғаны туралы бұйрық шығарылады .

Оқушының жеке ісін уақытында жіберу мен алуға бақылау оқу орнындағы оқу бөлімінің бастығына жүктеледі

*Ескерту: 7-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

### **3. Оқушы қатарына қайта тағайындау**

8. Оқушылардың қатарына бұрын оқу орындарынан шығарылған тұлғаларды қалпына келтіру, егер оқудан шығарылған сәттен бастап он жыл өтпеген болса, оқудың барлық нысандарында жүргізіледі.

*Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

9. Жоғары оқу орындарынан шығарылған тұлғалар осы ереженің 3 және 8 тармақтарына сәйкес орта кәсіптік оқу орындарына оқуға қайта тағайындалады.

10. Оқушылардың мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына сәйкес немесе ұқсас мамандығына ауысуы, оқушы қатарына қайта қабылдануы қысқы және жазғы демалыс кездерінде оқуға кететін қаражатты оқушының толық төлеуі арқылы жүзеге асады.

*Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

### **4. Оқушылардың ауысу және оқушы қатарына қайта тағайындалу жөніндегі құжаттарды рәсімдеу**

11. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орны екі аптаның көлемінде ауысу және қайта тағайындалу туралы берілген өтінішті қарастырып уақытын, курсы және қайта тағайындалу шартын немесе өтінішті орындамау себебін өтініш иесіне хабарлайды. Ауысу туралы өтінішке , оқушының сынақ кітапшасы немесе оқу карточкасы, ал тағайындалу жөніндегі өтінішке-академиялық анықтамасы тіркеледі.

12. Ауысу және оқуын қайта қалпына келтіру кезінде оқу орнының басшысы келесі сессияның басталуына дейін академиялық қарызды жоюдың уақыты мен ретін немесе оқу жоспары мен бағдарламасының айырмашылығын белгілейді. Академиялық айырмашылықты тапсыру ақылы түрде жүргізіледі.

*Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

13. Орта кәсіптік оқу орнына ауысу немесе қайта тағайындалу кезінде өндірістен қол үзбей оқу үшін таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа ауысудың қажеттілігін оқу орны анықтайды.

14. Ауыстырылған немесе қайта тағайындалған оқушының іс қағазына бұйрық , өтініші және академиялық анықтама тіркеледі.

15. Оқу орны жыл сайын 1-қазан айынан кешіктірмей бағынышты оқу-басқару ұйымына академиялық анықтама-бланк қағазының керекті санын көрсетіп тапсырыс береді. Анықтама бланкісі оқу орнының есебінде қатаң сақталады және берілетін кезде тіркеледі.

16. Аталған ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу білім беру ұйымының құзырына жатады .

*Ескерту: 16-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 бұйрығымен .*

Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларының ауысуы, оқушы қатарына қайта тағайындалуы туралы қағидаға қосымша

*Ескерту: Қағидаға қосымша алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 918 бұйрығымен .*